

**«С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНДА «КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН
ЖАСӨСПІРІМ АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ» АТТЫ
КЕЗДЕСУДІҢ ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

22.09.2023жс.

Қатысқан оқушы саны – 390

Қатысқандар:

- Қаратау ауданы прокуратурасының аға прокуроры Алденов Қанат Қайратұлы;
- Шымкент ҚПД Қаратау АПБ-нің ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция лейтенанты Серікбаев Жандос Жасұзақұлы;
- Мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы;
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы
- және сынып жетекшілер, 10-11 сынып оқушылары;

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу;
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы (442-бап, 434-бап, 435-бап, 409 бап);
3. Оқушыларға қойылатын талаптар мен мектеп ережесін сақтау, оқушылардың құқығы мен міндеттері;

Т Ы Ң Д А Л Д Ы:

Мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы алғы сөзді алып, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқықтық білімдерін арттыра отырып, электронды темекі шегу, насыбай, бопсалау, ұрлық жасау, алаяқтық т.б. қылмыс түрлерінің зардабы туралы ақпарат беру, алдын алу ережелерін ұсыну мақсатында ұйымдастырылып отырған іс шараға келген қонақтарды таныстырып, сөз кезегін қонақтарға берді.

Қаратау ауданы прокуратурасының аға прокуроры Алденов Қанат Қайратұлы:

Алдымен оқушылар кәмелетке толмаған балалардың қылмыс - құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы бейнебаянды тамашалады.

- Құрметті оқушылар, ұстаздар! Жасөспірімдердің құқықтық тәртіп бұзушылығының алдын алу мәселесі қазіргі таңда тәрбие саласындағы маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Себебі, соңғы жылдары мектеп оқушылар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылардың саны көбейе түсуде. Соған байланысты жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейтуіміз қажет. Сонымен бірге **Қанат Қайратұлы**, қазіргі таңда кәмелетке толмаған жасөспірімдері арасындағы белең алған қылмыстың түрлеріне тоқталып өтті. Соның ішінде әсіресе ұрлық жасау, бопсалау, алаяқтық фактісінің көп екенін айта кетті. Жасөспірімдер арасындағы **электронды темекі шегу, насыбай, алкогольді ішімдік қолданудың** салдары және оның нәтижеінде қолданылатын тиісті жазалардың түрлерін жіктеді. Видеороликте көрсетілген темір тордың артында телмірген жасөспірім жастардың іс-әрекеттерін, өкініштеріне тоқталып өтті.

Шымкент ҚПД Қаратау АПБ-нің ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция лейтенанты Серікбаев Жандос Жасұзақұлы:

- Шымкент қаласының мектеп жасындағы балалар арасындағы құқық бұзушылығы статистикаға сүйенсек едәуір көбейіп келеді. Құқықтық сауатсыздық, яғни өз құқы мен міндетін білмей, басқаның құқын сыйламаудың кесірінен көптеген келеңсіз жағдайларға кезігіп отырамыз. Кәмелет жасына толмаған қылмыскерлердің жасаған қылмыстары

арасында тонау, қарақшылық, қасақана өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, зорлау секілді қылмыстар кең тарағанын, ұрлық және бұзақылық қылмыстарының 75-80% кәмелетке толмағандардың үлесінде екенін айта келе, осылайша тиісті мекемелер қажетті шараларды іске асырса, қылмыстық оқиғалардың алдын алуға болатынын ескертті. Жасөспірімдер арасында жалпы қауіпсіздік шараларын сақтау, қылмыстың алдын алу үшін құзырлы орган қызметкелерімен «Түнгі қала» атты рейд шараларын жүргізіліп жатқандығын айтты. Беймезгілде ата-ана бақылауынсыз көшеде жүрмеу қажеттілігі жайлы ақпарат берді. Сонымен бірге мектеп инспекторы Жандос Жасұзақұлы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы «442-бап: Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы», «434-бап Ұсақ бұзақылыққа» және «435-бап Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық туралы» заңдылықтарға толығынан тоқталып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сөз соңында мектеп инспекторы оқушыларға жасөспірімдер арасында болатын тәртіп бұзушылық және бұзақылық әрекеттер әкімшілік жауапқа тартылатындығын ескертті.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы оқушыларға қойылатын талаптар мен мектеп ережесін сақтау, оқушылардың құқығы мен міндеттеріне тоқталды.

Құрметті оқушылар, қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсінуге тиіспіз. Мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылу керекпіз. Құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік! Мектептің ішкі тәртіп ережесі мен ұялы телефон қолдану ережесін қатаң сақтайық!

- Сөз соңында **Гүлбақыт Тайжанқызы** құқық бұзушылықтың қай кезде де жақсылыққа апармайтынын айта келе, оқушыларды тәртіпті, үлгілі көшбасшы болуға мейірімді, ақылды және иманды болуға шақыра отырып, құқықбұзушылыққа жол бермеу қажеттілігін басты назарда ұстау керектігін айтып өтті.

Қ А У Л Ы:

1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі іс- шаралары күшейтілсін және оқушылардың құқығы мен міндеттерін түсіндіру жұмыстары сынып жетекшілер тарапынан орындау тапсырылсын.
2. Балалар мен жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу үшін жасөспірімдердің бос уақыты тиімді ұйымдастырылсын, әрбір ата-ана, сынып жетекші жауапкершілігі арттырылсын.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық Заң талаптары орындалмаған жағдайда әкімшілік жауапқа тартылып, шара қолданылсын.

Мектеп директоры

Б.Н.Усманов



Г.Т.Құрманбай

Хатшы:

Г.Р.Тасходжаева

Шымкент ҚПД Қаратау АПБ ЖПКБ
УПИ полиция-лейтенанты

Ж.Ж.Серікбаев